

Құрман орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында 4 сыныппен жүргізілетін тәрбие жұмысының талдауы

2023-2024 оқу жылында 4 сыныпқа 14 оқушы қабылданды. Оның 10-ы ер бала, 4-уі қыз бала. Жылдық қорытынды сапалық көрсеткіші – 57.1 % құрайды.

Үздік оқушылар: Сағынов Қасымхан, Қозыбай Бейбарыс, Орынбасаров Бекасыл, Нұрлан Бексұлтан, Ермакова Айназ, Өтемісқызы Нұрзат.

Екпінділер: Бітімәлі Мәлс, Аман Көркем,

Отбасылық жағдайы: Сыныпта 11 толық отбасы, 3 толық емес отбасыдан, жағдайы қалыпты. Сыныпта 4 оқушы көп балалы отбасынан: Сәндібекова Айкенже, Сәрсенұлы Данияр, Сағынов Қасымхан, Амангелді Ислам. Оқу жылы сыныптың жаңа оқу жылына деген дайындығынан басталды. Оқушылардың мектепке материалдық жағынан даярлығы тексеріліп, ата-аналармен байланыс жасап, хабарлар алынды. Оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалып бекітілді. Жасалған жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. Оқушылар бастауыш сыныптан орта буынға қосылғандықтан жыл бойы жаңа сынып жетекшіге, пән мұғалімдеріне бейімделу жұмыстары психологпен, әлеуметтік педагогпен жүргізілді. Оқушылар сыныптағы мектепшілік өтілген іс-шараларға белсене араласты. Сонымен қатар ата-аналарға да бала тәрбиесі туралы ауқымды тақырыптар төңірегінде жиналыстар мен кездесулер өткізілді. Тәрбие бағыты бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылып, түрлі форматта жұмыстар жүргізілді. Сынып оқушыларының ата-аналарымен үнемі онлайн (ватсап желісі) офлайн байланыста болып, түрлі іс-шараларға, мектеп әкімшілігінің ұйымдастырған түрлі жоспар, жұмыстарын (тренинг, сауалнама, дөңгелек үстел) т.б бала тәрбиесіне қатысты. Жиналыстарды сынып оқушыларын қатыгездікке тәрбиелейтін ойындардың алдын алу, тиым салу, сауалнама, баяндамалар оқылып, талқыланды. Ата-аналар оқушылардың жыл бойына сабағына қатысты.

Құрман орта мектебінде 1 қыркүйек - Білім күніне арналған салтанатты жиын, барлық кластарда «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.



Құрман орта мектебінде класс жетекшілер барлық сыныптарда «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді.



Құрман орта мектебінде Жаңа жылдық іс-шаралар эпидемиологиялық жағдайға байланысты бекітілген арнайы кесте бойынша бір топ шеңберінде өтті. Жаңа жыл құтты болсын!

Құрман орта мектебінде бастауыш класс оқушыларымен, қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған "Бұзылған телефон", "Тыңда және орында", "Ассоциация", "Корректуралық тапсырмалар" ойын жаттығулары жүргізілді

Ұйымдастырушы: педагог- психолог - Тайборина Шынарғуль Алимовна

Құрман орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімдері ұлттық ойындардан сайыс ұйымдастырып, жеңімпаздар марапатталды



Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен Балалар жылына байланысты аудан көлемінде өткізілген «Бала даусы-2022» байқауында Эстрадалық Вокал кіші топ номинациясы бойынша мектебімізден 1 сынып оқушысы Салауатов Ерхан Қанатұлы 1 орын, Орынбасаров Бекасыл Артекулұлы 3 орын алды



Құрман орта мектебінде Балалар жылына орай «Ұранды елдің ұрпағы қайсар» атты патриоттық әндер байқауы өтті. Демеушілік көрсеткен округ әкімі Е. Базарбайұлына, қамқоршылық кеңес төрағасы Ә. Исеғалиұлына, ата-аналар кеңесінің төрағасы Н. Отарұлына, кәсіпкерлер Райгүл Баетова, Гүлжан Амироваға, Талғат Сисенұлына және Мұратбек Ертісұлына алғыс білдіреміз. Ұйымдастырушылар ТІЖО Аманбаева Б, аға тәлімгер Кубенова Ж, мәдени ұйымдастырушы Құттығаев М.



Құрман орта мектебінде «Күзгі серуен, күзгі демалыс, күзгі ғажап!» атты каникул кезіндегі іс-шара жоспарына сәйкес «Құқықтық тәрбие» бағыты бойынша 4 сынып жетекшісі Жаксыбаева А «Қауіпсіз демалыс» сурет салу көрмесін өткізді



**«Қауіпсіз демалыс»
сурет салу көрмесі
4 сынып**

Математикалық байқауының 4 сынып оқушылары ІІІ орын иегерлері Қозыбай Бейбарыс Нұрданұлы Нұрлан Бексұлтан Алматылы Өтеміс Нұрзат Нұрболқызы Орынбасаров Бекасыл Артеқұлы. Жетекшісі: Жаксыбаева Алиса Айтжанқызы



Құрман орта мектебінде 16 желтоқсан - ҚР Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік-орындалған арман» іс-шара жоспарына сәйкес дене шынықтыру пәні мұғалімі А. Нұрқасов «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын» атты қазақтың ұлттық ойыны «Асық атудан» сайыс өткізді. Жеңімпаздар марапатталды.



Тәуелсіздік мерекесіне орай Құрман орта мектебінде көркемеңбек пәні мұғалімі Ө.Мүсіров «Менің Тәуелсіз Қазақстаным» атты сурет көрмесін ұйымдастырды.



Қысқы демалысты тиімді ұйымдастыру мақсатында Оқуға құштар жобасы аясында 4 сыныппен «Қыста оқимын» атты дөңгелек үстел өтті



«Қош келдің, Жаңа жыл» Жаңа жылдық кештерден



Құрман орта мектебінде «Сыбайлас жемқорлық» деген ұғымды және оның пайда болу жағдайларын түсіндіру, адалдыққа, әділеттілікке тәрбиелеу мақсатында 1-11 класс оқушыларына класс жетекшілері «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді



Құрман орта мектебінде кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес «Достық күніне» байланысты стенд жасақталып, «Достық - ұлы ұғым» атты тренинг өтті. Шара соңында оқушылар «Дос болайық бәріміз» әнін шырқады. Ұйымдастырушылар



Құрман орта мектебінде 1наурыз-Алғыс айту күніне орай «Шын жүректен алғыс айтамын» атты іс-шара жоспарына сәйкес барлық кластарда класс жетекшілер «Алғыс айту парызым...» бірыңғай тәрбие сағаттарын өткізді.



Құрман орта мектебінде бастауыш класс оқушыларымен «Ер азамат атына лайық бол» тақырыбында тәрбие сағаттары, сайыс, «Менің әкем» атты кездесу өтті



Құрман орта мектебінде «Кітап-тарих,шежіре» үйірмесінің мүшелері мектепішілік «Наурызым-нақыл жыр» іс-шара жоспарына сәйкес ардагер ұстаздарды құттықтау шарасын ұйымдастырды. Жетекшісі Қ. Қалиева



Құрман орта мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімі А. Нұрқасов мектепішілік «Наурызым-нақыл жыр» атты іс-шара жоспарына сәйкес қазақтың ұлттық ойыны «Асық атудан» сайыс өткізді.



Құрман орта мектебінде оқушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыс жоспарына сәйкес «Наурызға шашу» бата беру байқауы өтті. Шара барысында бата, батаның түрлері туралы түсінік беріліп, оқушылар бата беру бойынша бақ сынасты. Ұйымдастырушылар А. Аманғалиева, Л. Ниязова



Құрман орта мектебінде мектепшілік «Ерлік ұрпаққа мұра» іс - шара жоспары бойынша бастауыш класс оқушыларымен «Ешкімде, ештеңеде ұмытылмайды» тақырыбында тәрбиелік сабағы өтті. Мақсаты: оқушыларды Отанын, елін, жерін сүйге баулу, майдангерлердің рухына бас ие отырып, Отанын қорғауға, ерлік істеріне тағзым етуге, батыл да батыр, ержүрек болуға үйрету, отансүйгіштікке, патриотизмге тәрбиелеу



Құрман орта мектебінде 26 мамыр күні 25-31 мамыр аралығында бекітілген кестеге сәйкес 1-4 кластарда «Татулық- достық кілті», «Кітап- сарқылмас бұлақ», «Отбасының сәні-, сыйластық» тақырыптық сынып сағаттары өтті. Шара барысында оқу жылының қорытындысы, жазғы демалыс кезеңіндегі қауіпсіздік те айтылды



31 мамыр Құрман орта мектебінде озаттар мен дарынды оқушыларға арналған шеру өтті.



Оқушылардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатындағы сынып оқушылары төмендегі үйірме жұмыстарына қатысты.

	«Сахна таланттары»	«Эстрада»	«Парасат» дебат клубы	«Оқуға Құштар мектеп»
	Қозыбай Бейбарыс Ермекова Айназ Сәндібекова Айкенже Аман Көркем Бітімәлі Мәлс	Ермекова Айназ Сәндібекова Айкенже Аман Көркем Орынбасаров Бекасыл Сағынов Қасымхан	Қозыбаев Бейбарыс	Отаров Нұрасыл Сапар Шалқар Сағынов Қасымхан Сәрсенұлы Данияр

Сынып оқушыларының жалпы жетістіктері:

2023-2024 оқу жылы	Мектепшілік	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Халықаралық
	<p>«Ұлттық ойындар» асық ату жарысы.</p> <p>3-орын. 4-сынып оқушылары</p> <p>«Наурызға шашу» бата беру сайысы 2-орын</p> <p>4-сынып оқушылары</p> <p>«Ұранды елдің ұрпағы қайсар» атты патриоттық әндер байқауы өтті.</p> <p>Отаров Нұрасыл</p> <p>Алғыс хатпен марапатталды</p> <p>Өтемісқызы Нұрзат</p> <p>1 орын</p>	<p>«Бала даусы-2022» байқауында</p> <p>Орынбасаров Бекасыл Артекуллы</p> <p>3 орын алды</p> <p>Математикалық байқауының 4 сынып оқушылары</p> <p>III орын иегерлері Қозыбай Бейбарыс Нұрданұлы</p> <p>Нұрлан Бексұлтан Алматылы Өтеміс Нұрзат</p> <p>Нұрболқызы Орынбасаров Бекасыл Артекуллы.</p> <p>«Алтын сақа»</p> <p>Нұрлан Бексұлтан</p> <p>1 орын</p>	<p>«Алтын сақа»</p> <p>Алғыс хат</p> <p>Нұрлан Бексұлтан</p>	<p>жоқ</p>	<p>жоқ</p>

Оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау, алдын-алу мақсатында әр түрлі форматта жұмыстар ұйымдастырылды.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі тақырыптар қамтылды. Мектеп психологы Ш.Тайбурина өзінің жұмыс жоспарына сай сыныпта буллингке қатысты өзін-өзі бағалау мен және менің дінге көқарасым т.б жұмыстар жүргізді. 2022-2023 оқу жылында оқушылармен жүргізілген жұмыстарда сыныптар бойынша бейресми оқушы анықталмады.

2022-2023жж оқу жылында өткен тәрбие сағаттары

№	Тәрбие жұмысын бағыттары	Өтілген тәрбие сағаттар саны 34 сағат	Қосымша тәрбие сағаттар саны
1	Жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие	5	3
	Мінез-құлық мәдениетіне, оның ішінде интернет кеңістігіндегі киберқауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу	3	2
2	Отбасылық тәрбиесі	2	2
3	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты	4	2
4	Ұлттық тәрбие	3	2
5	Рухани – адамгершілік тәрбие	5	2
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	6	2
7	Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	3	2
8	Дене тәрбиесі салауатты өмір салты	3	2